Ірі тұщы көлдері: Балқаш (батыс бөлігі, 18,2 тыс. км²), Билікөл (33 км²), Ақкөл (15,5 км²), Үлкен Қамқалы (4,6 км²) және басқалар; тұзды көлдері: Ақжар (7,2 км²), Ащыкөл (88,5 км²) және басқалар. Шу өзенінде Тасөткел бөгені (ауданы 78 км², су көлемі 290 млн. м³), Асы өзенінде Теріс Ащыбұлақ бөгені (ауданы 24 км², су көлемі 158 млн. м³).

Шөлді сұр, сұр – құба таулық қоңыр және таулық қаратопырақтарда жусанды – сораңды және жусанды – астық тұқымдас өсімдіктер өседі. Құмдарда сексеуіл қалыңдары, өзен аңғарларында тоғайлар, тауларда ағаш терізлес арша, альпі шалғындары тараған.

Облыс орталығы 1864 жылы құрылған Тараз қаласында орналасқан*. 2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 338,4 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 33,5%-ы. Тараздан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1255 км. Облыста 10 ауылдық аудан, 3 шағын қалалар (Тараздан басқа), 12 қала типті кенттер, 153 ауылдық және кенттік округтер, 367 ауылдар бар. Қала халқының саны 454,0 мың адамды (45,0%), ауыл халқының саны - 555,2 мың адамды (55,0%) құрайды.

2006 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 180,5 млрд. теңгені құрады**.

2006 жылы облыста 80,3 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 1,6 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 62,3 мың тонна минералдық тыңайтқыштар, 66,3 мың тонна фосфор, 4,0 мың тонна ет, 280,8 мың тонна қант өндірілді.

45,8 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде: 431,1 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 324,6 мың тонна көкөніс, 94,1 мың тонна картоп, 43,6 мың тонна ет (сойыс салмағында), 253,0 мың тонна сүт, 93,9 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артты.

* 1864 жылы қалалық мекендер санында Әулие-Ата атауымен аталады; 1938 жылдан бастап - Джамбул, 1993 жылы Жамбыл болып өзгертілді, ал 1997 жылы Тараз болып қайта өзгертілді.

** Алдын - ала алынған деректер

Қарағанды облысы

Облыс республиканың орталық бөлігінде орналасқан, 1932 жылы құрылды.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 428,0 мың шаршы км-ге тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 1339,3 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 3,1 адамды құрайды.

Облыс Сарыарқаның оңтүстік жарты бөлігін қамтиды. Батысында оған Торғай қолаты мен Тұран ойпатының солтүстік – шығыс шеті, оңтүстігінде Бетпақдала шөлі мен Балқаш көлі жақындайды. Облыстың жер бедері аласа таулы, ұсақшоқылы, төбелі және жонды жазық болып келеді. Облыстың батысында Ұлытау таулары (1133 м), шығысында Қарқаралы (Жиренсақал тауы, 1403 м) Кент (1469 м), Қу (1356 м), Қызылтас (1283 м) Қызыларай Сарыарқаның ең биік шыңы (Ақсораң тауы, 1565 м), Кешубай (1559 м) таулары және басқалар бой көтереді, оңтүстік және оңтүстік бөлігінде Аралмаңы Қарақұмының құмды алқаптары, Мойынқұм, Жетіқоңыр құмдары және басқалар орналасқан.

Облыс минералдық – шикізаттық ресурстарға бай. Көмірдің, жездің, қорғасынның, мырыштың, темірдің, молибденнің, вольфрамның кен орындары бар. Күшәленің, кобальттың, никельдің және басқалардың кен көріністері белгілі. Кен емес шикізаттың: құрлыс тастарының, цемент шикізатының, балшықтың, құмның және басқалардың көптеген қоры белгілі.

Жалпы статистикалық шолу

Климаты тым континенттік, қысы суық, қары жұқа, жазы ыстық та қуаң. Қаңтардың орташа ауа температурасы солтүстігінде -16 -17°C, батыстық және шығыстық аласа таулы аудандарында -14°C оңтүстігінде -13°C, шілдеде +20 +21°C, шығыстық аласа таулы аудандарында +19°C, облыстың оңтүстігінде +26°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері солтүстігінде 250-300 мм, оңтүстігінде 150-200 мм, ал аласа таулы аудандарда 300-400 мм.

Негізгі өзендері Нұра (978 км), Торғай (827 км), Сарысу (800 км), Шідерті (502 км), Ұлы Жыланшық (472 км), Құланөтпес (364 м), Қалмаққырған (325 км), Түндік (303 км), Тоқырауын (298 км), Жарлы (193 км), Талды (129 км) және басқалар. Көлдер өте көп, олар ұсақ және негізінен тұзды болып келеді. Олардың ең үлкені: Балқаш (18,2 мың км²), Қарасор (154 км²), Қыпшақ (64,7 км²), Керей (62,8 км²), Қарақойын (72,5 км²), Қияқты (51,6 км²), Шошқакөл (32,0 км²), Балықтыкөл (25,8 км²). Нұра өзенінде Теміртау (Самарқан) бөгені ауданы 82 км², су көлемі 267 млн. м³), Шерубайнұра бөгені (ауданы 39 км², су көлемі 274 млн. м³), Кеңгір өзенінде: Кеңгір бөгені (ауданы 37,5 км², су көлемі 319 млн. м³), Жезді бөгені (ауданы 17,6 км², су көлемі 7,6 млн. м³), Атасу өзенінде Қылыш бөгені салынды және Ертіс өзенінен Ертіс-Қарағанды – Жезқазған каналы тартылды.

Облыста тараған қара, күңгірт-қоңыр, қоңыр, ашық – қоңыр, құба топырақтарда дала, шөлейт және шөл өсімдіктері басым келеді. Өзен және тауаралық аңғарлардың шалғынды – қоңыр топырақтарында аралас шөпті шалғындар өседі. Қарқаралы, Кент, Қу, Қызыларай тауларында қарағайлы – қайыңды – көктеректі орманда, Ұлытау, Қарағаш, Бектауата тауларында қайыңды – көктеректі – қандыағашты ормандар өскен, Қарқаралы өңірінде Қарқаралы ұлттық табиғи парк құрылған.

Облыс орталығы 1934 жылы құрылған Қарағанды қаласында орналасқан. 2007 жылғы 1 қаңтарға қалада 453,4 мың адам немесе барлық облыс халқының 33,8%-ы тұрды. Қарағандыдан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 241 км. Облыста 9 ауылдық аудан және 11 қала, 11 кент, 526 ауылдық елді мекен 195 ауылдық әкімшілік құрамында, қала халқының саны 1133,6 мың адамды (84,6%), ауыл халқының саны – 205,7 мың адамды (15,4%) құрайды.

2006 жылы облыста алдын-ала алынғын деректер бойынша жалпы өңірлік өнім 806,1 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста 730,3 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 11,3 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 26,8 млн. тонна көмір, 3,0 млн. тонна жайпақ илек, 407,0 мың тонна тазартылған мыс, 3,4 млн. тонна шойын, 757,5 тыс. тонна цемент, 6,1 мың тонна ет өндірілген.

43,1 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде: 401,7 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 77,0 мың тонна көкөніс, 178,4 мың тонна картоп, 60,9 мың тонна ет (сойыс салмағында), 299,8 мың тонна сүт, 204,7 млн. дана жұмыртқа өндірілген.

2006 жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 16,9%-ға төмендеген.

Қостанай облысы

Облыс республиканың солтүстік бөлігінде орналасқан, 1936 жылы құрылды.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 196,0 мың шаршы км-ге тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 900,3 мың адам.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 4,6 адамды құрайды.

Облыс аумағының бедері біршама жазық болуымен сипатталады. Оның солтүстік жағын Батыс Сібір шоқысының оңтүстік – шығыс шетін алып жатыр, одан оңтүстікке қарай Торғай үстірті, батысында Жайық сырты үстірті, ал оңтүстік – шығысында Сарыарқаның батыс сілемдері орналасқан. Облыс аумағын солтүстіктен оңтүстікке қарай Торғай қолаты қиып өтеді. Торғай үстіртінің орталық бөлігінде

ендік бағытпен Сыпсыңағаш қолаты жайғасқан. Облыстың батыс жағында Жітіқара тауы, Торғай үстіртінде Қарғалы, Жыланды, Қызбел және Теке таулары, Қызбел тауының шығыс жақ етегінде Қыземшек шоқысы, оңтүстік – шығысында Жыланшықтүрме қыраты мен Қайыңды шоқысы және басқалар орналасқан.

Жер қойынында темір кенінің бокситтің, қоңыр көмірдің, асбестің, отқа төзімді және кірпіш балшықтарының, флюстік және цементтік әктастың, шыны құмының, құрылыс материалдарының және басқалардың кен орындары бар.

Климаты континенттік, қысы ұзақ суық және ызғарлы, жазы ыстық, қуан (өсіресе, оңтүстік жартысында) болып келеді. Қаңтардағы ауаның орташа температурасы -18 -19°C, шілденікі +19 +22°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 250-300 мм.

Ең ірі өзендері Тобыл (облыс шегінде 800 км), оның салалары Әйет (94 км), Обаған (376 км), Үй (235 км), Торғай (390 км) оның салалары: Сарыөзен (164 км), Қараторғай (165 км) және Сарыторғай (123 км), Өлкейек (150 км) және Ұлы Жыланшық (196 км). Көл көп (негізінен тұщы). Ірі көлдері: Құсмұрын (462 км²), Теңіз (70 км²), Қойбағар (96 км²), Ақкөл (62,3 км²), Сарыкөл (37,9 км²) Алакөл (19,4 км²) және басқалар. Тобыл өзенінде Жоғарғы Тобыл (ауданы 87,4 км², сыйымдылығы 816,6 млн. м³), Қаратомар (сыйымдылығы 586 млн. м³) және Аманкелді бөгендері салынған. Облыстың Солтүстік бөлігінде аралас шөпті – селеу және қайыңды – көктеректі, қарағай ормандары (Арақарағай, Аманқарағай) өскен орманды – дала зонасында қаратопырақтар, орталық бөлігінде аралас шөпті – селеулі – бетегелі өсімдіктер мен қарағай тоғайлары (Науырзым, Сыпсың және басқалар) қоңыр топырақ тараған. Науырзымқарағайдың негізінде онымен аттас қорық құрылған, оңтүстік жартысында бетегелі – селеулі және жусанды өсімдіктер өскен ашық қоңыр және сұр топырақтар басым келеді.

Облыс орталығы Тобыл өзеніндегі Қостанай қаласында орналасқан, 1879 жылы құрылды. 2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 208,3 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 23,1%-ы. Қостанайдан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 760 км. Облыста 16 ауылдық аудан және 5 қала, 8 кент, 690 селолық және ауылдық округ бар, қала халқының саны 483,5 мың адамды (53,7%), ауыл халқының саны – 416,8 мың адамды (46,3%) құрайды.

2006 жылы, алдын-ала алған деректер бойынша, облыста жалпы өңірлік өнім 354,3 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста 174,3 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 17,5 млн. тонна темір кені, 1,6 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 563,3 мың тонна ұн өндірілді.

130,3 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде: 4733,0 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 49,8 мың тонна көкөніс, 162,3 мың тонна картоп, 138,5 мың тонна ет (сойыс салмағында), 588,6 мың тонна сүт, 356,1 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 6,4%-ға өсті. Инвестициялау үшін аса тартымды сала металл кендерін өндіру саласы болып табылады.

Қызылорда облысы

Облыс республиканың оңтүстік бөлігінде орналасқан, 1938 жылы құрылды.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 226,0 мың шаршы км-ге тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 625,1 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 2,8 адамды құрайды.

Аумағының негізгі бөлігі Тұран жазығының шекарасында орналасқан. Шығыс жағында Каратау жотасының сілемдері солтүстік – батысында Аралмаңы Қарақұмы және оңтүстік - батысында Қызылқұм құмдары орналасқан.

Жалпы статистикалық шолу

Қорғасынның, мұнайдың, мырыштың ас тұзының, кварц құмдарының, емдік қасиеті бар тұздардың ірі қорлары бар.

Климаты континенттік, өте құрғақ, қысы жұмсақ, жазы ыстық, аңызақ желдер жиі соғып тұрады. Қаңтар айының орташа температурасы – 6 –13°С, ал шілде айында +26 +29°С құрайды.

Жылдық атмосфералық жауын-шашынның орташа мөлшері 150-200 мм аралығында.

Ірі өзені Сырдария (жалпы ұзындығы 2219 км, Қазақстан бөлігінде 1400 км) болып табылады. Облыста көлдер өте көп, олар көбінесе тұзды болып келеді. Ең ірі көлдері Жақсықылыш (ауданы 59,7 км), Қамыстыбас (178 км), Арыс (124,5 км), Ащыкөл (74,2 км), Телікөл (8 км).

Қоңыр, сұр, құмды - құмайт топырақтарда соранда - жусанды өсімдіктер, сексеуіл қалыңдары жыңғыл, теріскен басым. Сырдария өзенінің жайылмасында құнарлы аллювиалды топырақтарда шалғынды өсімдіктер мен тоғайлар басым болып келеді.

Облыс орталығы Сырдария өзеніндегі Қызылорда қаласында орналасқан, 1820 жылы (1853 жылы - Ақмешіт, 1925 жылға дейін - Перовск) құрылды.

2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 204,2 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 32,7%-ы. Қызылордадан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1930 км. Облыста 7 ауылдық аудан және 3 кішігірім қала, 12 кент, 265 селолық және ауылдық округ бар, қала халқының саны 372,1 мың адамды (59,5%), ауыл халқының саны – 253,0 мың адамды (40,5%) құрайды.

2006 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 365,5* млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста 513,3 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 11,5 млн. тонна шикі мұнай, 660,4 млн. кВт. сағат электр энергиясы, 154 мың тонна бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкциялары өндірілді.

18,4 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде: 256,2 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 74,3 мың тонна көкөніс, 89,0 мың тонна картоп, 14,9 мың тонна ет (сойыс салмағында), 68,3 мың тонна сүт, 36,7 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 3,8%-ға өсті.

* Жедел деректер.

Маңғыстау облысы

Облыс республиканың оңтүстік батысында орналасқан, 1973 жылы Маңғышлақ облысы ретінде, 1990 жылдан бастап Маңғыстау деп аталып келеді.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 165,6 мың шаршы км-ге тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 390,5 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 2,4 адамды құрайды.

Облыс аумағының бедері әр түрлі. Солтүстік бөлігін өз шегінде Желтау (221 м), Мыңсуалмас (148 м) және таулары құм алқаптары (Қаракұм, Сам жеңе б.), кеңбайтақ сорлар (Өліқолтық, Қайдақ, Қарадулей, Қаракешу және б.) және Бозащы түбегі орналасқан Каспий маңы ойпаты алып жатыр. Орталық бөлігін Маңғыстау таулары (Ақтау, Қаратау, 556 м), Маңғыстау үстірті мен ТМД-дағы ең терең Қарақыя ойысы (-132 м) орналасқан Маңғыстау түбегі қамтиды. Оңтүстік – батысында Кендірлі – Қаясан үстірті, оңтүстігінде Қарынжарық ойысы орналасқан. Жер қойыны мұнай, газ, фосфорит, көмір, марганец, әр түрлі тұздардың, ұлутастың қорларына өте бай.

Климаты континенттік, тым қуаң болып келеді. Қаңтардың орташа ауа температурасы –4 –9°С, шілденікі +25 +29°С. Жауын шашынның жылдық орташа мөлшері 100–150 мм.

Облыста тұрақты өзен торабы жоқ. Аумағының көпшілік бөлігін құба топырақтарда бұталы өсімдіктер аралас өскен жусанды-сортаңды шөл алып жатыр, олардың бетінде ішінара өсімдік өте сирек өсетін сорлармен, тақыр тәріздес сортаңдар мен құмдар тараған. Облыстың оңтүстік – шығысында Үстірт қорығы құрылған.

Облыс орталығы Каспий теңізінде кемежай болып табылатын Ақтау қаласында орналасқан, 1963 жылы құрылды*. 2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 167,5 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 42,8%-ы. Ақтаудан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 2413 км**. Облыста 4 ауылдық аудан және 3 кішігірім қала, 4 кент, 33 селолық және ауылдық округ бар, қала халқының саны 269,1 мың адамды (68,9%), ауыл халқының саны – 121,4 мың адамды (31,1%) құрайды.

2006 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 585,5 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста 967,3 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 17,7 млн. тонна шикі мұнай, 2,5 млрд. текше метр табиғи газ, 3,3 млрд. кВт. сағат электр энергиясы өндірілді.

2,6 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде: 2,6 мың тонна көкөніс, 4,4 мың тонна ет (сойыс салмағында), 6,1 мың тонна сүт, 0,7 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 52,2%-ға өсті.

* 1964 жылдан 1991 жылдары аралығында Ақтау қаласы Шевченко қаласы деп аталды.

** Есептік.

Оңтүстік Қазақстан облысы

Облыс республиканың оңтүстік бөлігінде орналасқан, 1932 жылы құрылды*.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 117,3 мың шаршы км-ге тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 2282,5 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы аумақтың 1 шаршы км-іне шаққанда 19,5 адамды құрайды.

Аумағының жер бедері негізінен жазық болып келеді. Солтүстігінде Бетпақдала шөлі орналасқан. Шу өзенінен оңтүстікке қарай Мойынқұм шөлі орналасқан. Оңтүстік - батысында Қызылқұм құмдары мен Шардара даласы, қиыр оңтүстігінде Мырзашөл жайғасқан. Облыстың орталық бөлігінде Қаратау жотасы (Бессаз тауы, 2176 м), оңтүстік-шығысында Талас Алатауы, Қаржантау, Өгем жотасы (Сайрам тауы, 4238 м) орналасқан.

Жер қойынында полиметалл кендерінің, қоңыр көмірдің, темір кенінің, құрылыс материалдарының кен орындары бар.

Климаты континентальдық, қысы жұмсақ, жиі-жиі жылымықты, жазы аптап (қапырық), ұзақ болып келеді. Қаңтардың орташа ауа температурасы солтүстігінде –12°C, оңтүстігінде –2 -4°C, шілдеде тиісінше +36 +40°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері солтүстігінде 150 мм, биік таулы алқаптарда 800 мм-ге дейін барады.

Ірі өзендер Сырдария (жалпы ұзындығы 2219 км, Қазақстан шегінде 1400 км), оның салалары Құркелес (98 км), Келес (241 км), Арыс (378 км), Бөген (164 км) және Қаратау жотасының оңтүстік беткейінен ағатын басқа кішілеу өзендер, сондай-ақ Шу өзені (жалпы ұзындығы 1186 км, Қазақстан шегінде 800 км). Негізінен тұзды болып келетін көптеген ұсақ көлдер бар. Олардың ең ірілері Ақжайқын (48,2 км²), Ақжар (7,2 км²), Қалдыкөл және басқалар.

Сырдария өзенінде - Шардара (ауданы 400 км², су көлемі 5200 млн. м³), Бөген өзенінде - Бөген (ауданы 65 км², су көлемі 377 млн. м³), Бадам өзенінде - Бадам (ауданы 4,7 км², су көлемі 61,5 млн. м³), Арыс өзенінде - Березов су қоймалары салынды.

Облыстың жазық бөлігінде жусанды – астық дақылды өсімдіктер өскен сұр және сұр-құба топырақтар басым келеді. Құмдарда сексеуіл қалыңдары, Сырдария мен Шудың аңғарларында тоғайлары бар

Жалпы статистикалық шолу

қамысты батпақтар тараған. Таулы аудандарында дала өсімдіктері өскен таулық қоңыр топырақ дамыған. Тау беткейлерінде – ағаш тәрізді аршалар, жабайы алма ағаштар, өрік, биік таулы аудандарда – альпі шалғындары өседі. Облыстың оңтүстік шығысында Ақсу-Жабағылы атты мемлекеттік қорық орналасқан.

Облыс орталығы XII ғасырда құрылған Шымкент қаласында орналасқан. 2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 535,1 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 23,4%-ы. Шымкенттен Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1458 км. Облыста 12 ауылдық аудан, 4 қалалық әкімшілік, 8 кішігірім қала, 11 кент, 865 селолық округ бар, қала халқының саны 908,8 мың адамды (39,8%), ауыл халқының саны – 1373,7 мың адамды (60,2%) құрайды.

2006 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 377,2 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста 141,1 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері өндірілді, бұл 2005 жылдың деңгейінен 10,1%-ға жоғары. Осы кезеңде облыс кәсіпорындарымен 145,0 мың тонна мақта талшығы, 832,6 мың тонна – мотор майы (бензин), 906,5 мың тонна - цемент, 1299,8 мың кВа – трансформатор өндірілді.

100,9 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, соның ішінде: 361,0 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 435,4 мың тонна шитті-мақта, 476,8 мың тонна көкөніс, 122,7 мың тонна картоп, 72,8 мың тонна ет (сойыс салмағында), 537,6 мың тонна сүт, 229,5 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 84541,9 млн. теңгені құрап, 24,0%-ға артты.

* 1992 жылға дейін Чимкент облысы болып аталды.

Павлодар облысы

Облыс республиканың солтүстік-шығысында орналасқан, 1938 жылы құрылды.

2006 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 124,8 мың шаршы км-ге тең.

2006 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 744,9 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 6,0 адамды құрайды.

Облыс аумағының бедері негізінен жазық болып келеді. Ертістің оң жақ жағалауын Бараба ойпаты мен Құланды жазығы (даласы) алып жатыр. Оның сол жақ жағалауын абсолют биіктігі 100- 200 м Ертісмаңы жазығы қамтиды. Оңтүстік – батыс бөлігін Баянауыл (1028 м), Кызылтау (1055 м), Желтау (959 м) және басқа таулар орналасқан Сарыарқаның ұсақ шоқылығы алып жатыр.

Жер қойынында тас көмірдің, түсті және сирек металдардың, ас тұзының, құрылыс материалдарының бай кен орындары бар.

Климаты континентік, қаңтардың орташа ауа температурасы –17 –19°С, шілденікі +20 +22°С. Атмосфералық жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 220-300 мм.

Облыс аумағы бойынша Ертіс өзені (облыс шегіндегі ұзындығы 500 км-ге жуық) ағып өтеді, одан Ертіс- Карағанды - Жезқазған каналы (ұзындығы 458 км) салынған.

Облыста көл көп, олар негізінен тұзды болып келеді. Ірі көлдері: Қызылқақ (ауданы 175 км²), Жалаулы (171 км²), Қарасор (75,5 км²), Маралды (54,7 км²). Аумағының үлкен бөлігі күңгірт қоңыр және қоңыр топырақтарды қамтитын селеулі - бетегелі дала зонашығында жатыр. Ертіс өзенінің жайылмасында суарма шалғындар тараған. Баянауыл тауларында қарағайлы-қайыңды ормандар өседі, әсем көлдер (Жасыбай, Торыайғыр, Сабындыкөл) көптеп кездеседі. Мұнда Баянауыл ұлттық табиғи парк құрылған.

Облыс орталығы Ертіс өзенінің жағасындағы Павлодар қаласында орналасқан, 1861 жылы құрылды*. 2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 300,2 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының

40,3%-ы. Павлодардан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 438 км. Облыста 10 ауылдық аудан, 3 қала, 5 кент, 167 селолық округ бар, қала халқының саны 493,5 мың адамды (66,3%), ауыл халқының саны – 251,4 мың адамды (33,7%) құрайды.

2006 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 441,8 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста 351,4 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 65 млн. тонна көмір, 31 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 518 мың тонна шикі болат, 8,7 мың тонна ет өндірілді.

39 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде: 354,7 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 74,7 мың тонна көкөніс, 167,2 мың тонна картоп, 39,3 мың тонна ет (сойыс салмағында), 343 мың тонна сүт, 128,1 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 77,6%-ға өсті.

* 1720 жылы Коряковская станциясы пайда болды (алғашқыда Коряковск форпосты), 1861 жылы Павлодар қаласы болып қайта құрылды.

Солтүстік Қазақстан облысы

Облыс республиканың солтүстік бөлігінде орналасқан, 1936 жылы құрылды.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 98,0 мың шаршы км-ге тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 660,9 мың адамды құрайды.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 6,7 адамды құрайды.

Облыс аумағының солтүстік бөлігін Есіл жазығы, оңтүстік бөлігін Көкшетау қыраттарымен қоса жақсы Жалғызтау (730 м), Имантау (661 м), Айыртау (523 м) таулары алып жатыр.

Сирек кездесетін қара, асыл металдар, тас көмір, таукендік шикізаттар (отқа төзімді доломит, флюстік әк, мүсіндік құм), құрылыс материалдары, каолин, минералды сулар және емдік балшықтардың ірі қорлары көптеп кездеседі.

Климаты континенттік, қысы ұзақ, суық, жазы қысқа, қалыпты ыстық. Ауаның орташа температурасы қаңтарда –16 -19°C, шілдеде +18 +19,5°C. Жауын - шашынның жылдық орташа мөлшері 300 – 350 мм.

Облыс бойынша ірі өзендер Есіл (1719 км облыс аумағында), Аққанбұрлық (176 км), Иманбұрлық (177 км) ағып өтеді. Көлдер көп, негізінен тұщы болып келеді. Олардың ішіндегі ең ірілері: Шағалалы теңіз (262 км), Теке (265 км), Сілетітеңіз (777 км), Үлкен Қараой (306 км), Кіші Қараой (102 км), Айдабол (15,5 км) және тағы басқалары. Есіл өзенінде Сергеев су қоймасы салынған (ауданы 117 шаршы км, көлемі 695 млн. текше м).

Облыстың жер қыртысы негізінен қаратопырақты болып келеді. Оның солтүстік бөлігінде қызыл селеулі-араласшөпті өсімдіктер мен қайыңды – көктеректі орман алқаптары, ал оңтүстік қыратты бөлігінде (Айыртау және т.б.) қайыңды - қарағайлы ормандар алқаптары тараған.

Облыс орталығы Есіл өзеніндегі Петропавл қаласында орналасқан, 1752 жылы құрылды*. 2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 193,3 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 29,2%-ы. Петропавлдан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 491 км. Облыста 13 ауылдық аудан және 4 кішігірім қала (Петропавлдан басқа), 727 селолық және ауылдық округ бар, қала халқының саны 230,1 мың адамды (34,8%), ауыл халқының саны 430,8 мың адамды (65,2%) құрайды.

2006 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 194,1 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста өндірілген өнім көлемі 43,6 млрд. теңгені құрады. 2,0 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 4,4 мың тонна ет, 17,4 мың тонна өңделген сұйық сүт және кілегей өнімдері өндірілді.

Жалпы статистикалық шолу

Ауыл шаруашылығының өнімі 108,9 млрд. теңгені құрады. 4613,0 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 118,5 мың тонна көкөніс, 371,2 мың тонна картоп, 53,1 мың тонна ет (сойыс салмағында), 523,4 мың тонна сүт, 233,4 млн. дана жұмыртқа өнімдері өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 34328,3 млн. теңгені құрады.

^{*} 1752 жылы құрылған бекініс, 1807 жылы Петропавл қаласы болып қайта аталды.

Шығыс Қазақстан облысы

Облыс республиканың шығысында орналасқан, 1932 жылы құрылды.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс аумағы 283,3 мың шаршы км-ге тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 1424,5 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 5,0 адамды құрайды.

Облыс аумағының айтарлықтай бөлігі таулы және ұсақ шоқылы, өзен, жыра сайлармен өте тілімделген болып келеді. Шығыс жағында Кенді Алтайдың Иванов (2776 м), Қоржын (2565 м), Көксу (2028 м), Тигрець (2007 м), Үлбі (1895 м), Оба (1967 м) және Оңтүстік Алтайдың Катин (Мұзтау тауы 4506 м), Оңтүстік Алтай (3483 м), Сарымсақты (3373 м), Күршім (2645 м), Листвяга (2578 м), Азутау (2385 м), Нарын (1386 м) және басқа жоталары орналасқан. Олардан оңтүстік – батысқа қарай Қалба жотасы (1660 м) және Жайсаң қазаншұқыры, Тарбағатай (2992 м), Сауыр (2930 м), Маңырақ (2053 м) жоталары жайғасқан. Облыстың батыс бөлігінде Шығыс Сарыарқаның ұсақшоқылығы орналасқан. Мұнда Ханшыңғыс (1152 м), Шыңғыстау (1077 м), Семейтау (Қарақуыс 606 м) және т.б. таулар бой көтереді.

Облыстың қойыны қорғасын, мырыш, қалайы, вольфрам, молибден, марганец, алтын, сынап кендеріне, қоңыр және тас көмірге, жанғыш тақта тас және құрылыс материалдарына бай келеді.

Климаты тым континенттік. Қаңтардың орташа ауа температурасы –16 –20°С, шілдеде ол +20 +23°С, тауларда +16 +18°С. Жауын-шашынның орташа мөлшері шөлейт далада 150 мм-ден таулы жерлерде 1000-1500 мм-ге дейін.

Негізгі су күресі – Ертіс өзені (ұзындығы 4248 км, облыс шегінде 1300 км) салалары. Ең ірі көлдері: Жайсаң, Алакөл (2650 км²), Сасықкөл (736 км²), Марқакөл (455 км²). Ертіс өзенінде Бұқтырма (ауданы 5500 км², сиымдылығы 49,6 км³), Өскемен (ауданы 37 км², сиымдылығы 659 млн. м³) және Шүлбі бөгендері салынған.

Жер қыртысы қара, қоңыр, ормандық, таулық, сор топырақты болып келеді. Шыршадан, самырсыннан, майқарағайдан, қарағайдан тұратын биік таулық әр түрлі өсімдік жамылғысы далалы аудандарда селеулі – астық дақылды аралас шөпті жамылғыға ауысады.

Марқакөл және Батыс Алтай қорықтары, Катон-Қарағай табиғи паркі, “Семей-Орманы” табиғи орман резерваты бар.

Облыс орталығы Рудный Алтай тау бөктеріндегі Өскемен қаласында орналасқан және 1720 жылы құрылды. 2007 жылдың 1 қаңтарына қалада 298,8 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 21,0%-ы. Өскеменнен Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1038 км*. Облыста 15 аудан, 10 қала, 25 кент, 825 ауылды елді мекендер бар. Қала халқының саны 850,5 мың адамды (59,7%), ауыл халқының саны – 574,0 мың (40,3%) адамды құрайды.

2006 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 543,6 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы облыста 410,1 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 7,2 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 4,4 млн. тонна көмір, 544,6 мың тонна күкірт қышқылы, 3,2 млн. тонна цемент, 141,4 мың тонна бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкциялары, 17,2 мың тонна ет өндірілді.

80,3 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілді, оның ішінде: 516,4 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 159,9 мың тонна көкөніс, 312,8 мың тонна картоп, 99,9 мың тонна ет (сойыс салмағында), 661,4 мың тонна сүт, 282,4 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2006 жылы жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 35,5%-ға өсті.

**Есептік.*

Астана қаласы

Астана қаласы – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы.*

Қала аумағы 0,7 мың шаршы шақырымға тең.

2007 жылдың 1 қаңтарына қала халқы 574,4 мың адамды құрады.

2007 жылдың 1 қаңтарына халықтың тығыздығы – 1 шаршы шақырымға шаққанда 820,6 адам.

Астана еліміздің орталық бөлігінде қазақтың ежелгі арманды жері – Сарыарқаның солтүстігінде, Есіл өзенінің биік оң жағасында орналасқан.

Қала теңіз деңгейінен 350 м биіктікте сирек өзен маңы жоталарымен жонды-толқынды Есіл маңы жазығында орналасқан. Қала аумағының бедері Есіл өзенінің салыстырмалы биіктіктері 5-7 м-ден аспайтын аласа террасалар түрінде қалыптасқан.

Жер қойнында түсті және сирек металдар кендерінің, минералдық құрылыс материалдарының, кобальттың, көмір мен темір кенінің кен орындары бар.

Климаты континенттік. Қысы суық, қары жұқа келеді, кей жылдары ызғарлы болады, жазы қоңыржай – қуаңды, ыстық.

Қаланың гидрографиялық торы жалғыз Есіл өзенінен және оның қала ішімен ағып өтетін Сарыбұлақ және Ащыөзек деп аталатын кішігірім, жазда кеуіп қалатын оңжақ салаларынан тұрады. Қала төңірегінде көптеген тұзды және тұщы көлдер бар. Олардың ең ірілері: Сасықкөл, Жоламан, Тышқанкөл, Танакөл, Жалтыркөл, Жалаңаш, Шенет, Ағанас және басқалар.

Қалада: 75 жалпы білім беретін мектеп, оқушылар саны 64,9 мың адам, 47 мектепке дейінгі ұйым, 25 колледж (22,2 мың оқушы) және 17 жоғары оқу орындары (45,4 мың адам) жұмыс істейді.

Жоғары білімді мамандар дайындайтын орталықтарға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті, С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық Университеті, Қазақ мемлекеттік Медицина Академиясы жатады.

Астананың денсаулық сақтау саласында 21 аурухана мекемесі жұмыс істейді, онда 3,7 мың барлық мамандықтағы дәрігерлер мен 4,3 мың орта медициналық қызметкерлер еңбек етеді.

Қазақстанның астанасы әлем тұлғаларының сәулетшілерін қызықтыруда. Қала картасында жыл сайын жаңа нысандар пайда болуда. Олардың ішінде: еліміздің бас қаласының визит карточкасы болып табылатын “Бәйтерек” сәулет ғимараты, конфессияаралық, этносаралық және төзімділік символы аталған “бейбітшілік пен келісім Сарайы” (әйгілі британ сәулетші шебері Норман Фостердің жобасы бойынша салынған), “Думан” ойын-сауық орталығы, “Қазақстан Картасы “Атамекен” этно-мемориалдық кешені, ұшатын төрелке үлгісіндегі цирк және басқалар. 3,5 мың орынға арналған көлбеу қабырға-пластина үлгісіндегі киноконцерттік зал құрылысы жүріп жатыр.

Қалалықтардың қарауында – 2 стадион, “Динамо” дене шынықтыру үйі, 5 спорт кешені, спорт клубтары мен залдар, жүзу бассейндері және басқа да жаппай демалу нысандары бар.

Астанада 31 ескерткіш бар, олардың ішінде 7 тарих ескерткіші, 19 қала құрылысы мен сәулет, 1 археология және 4 күрделі өнер ескерткіштері.

2006 жылдың алдын ала деректері бойынша жалпы өңірлік өнім 830,7 млрд. теңгені құрады.

Жалпы статистикалық шолу

Өнеркәсіп өнімдері 78,6 млрд. теңгеге өндірілді. Тауарлы бетон шығару 4098 мың тонна, бетоннан жасалған құрама құрылыс құрылымдары – 1067 мың тонна, сұйықты айдауға арналған сорғылар – 259 дана құрады.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 354,6 млрд. теңгені құрады, тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестициялар – 14,6%-ға өсті және 114,8 млрд. теңгені құрады. Соңғы екі жылда тұрғын үй ғимараттарын пайдалануға беру жалпы ауданы 1 миллионнан астам шаршы метр құрады.

* Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының жаңа астанасы Ақмола қаласы деп жарияланды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 6 мамырдағы жарлығымен Ақмола қаласы Астана қаласы болып өзгертілді.

Алматы қаласы

2007 жылдың 1 қаңтарына қаланың аумағы 324,8 шаршы метр.

2007 жылдың 1 қаңтарына Алматы қаласының халқы 1287,2 мың адам құрады.

Жыл басына халықтың тығыздығы -1 шаршы км-ге шаққанда 4290,7 адам.

Алматы қаласы Қазақстан Республикасының 1929 жылдан 1997 жылдың 20 қазанына дейінгі астанасы. Қала 1854 жылы құрылды. Алматы - жоғары, орта жалпы білім беретін, кәсіптік-техникалық оқу орындарының желісі кең дамыған еліміздің ең ірі, ғылыми-мәдени орталығы. Қаланың көптеген ғылыми-зерттеу мекемелері бүгінгі ғылымның барлық салаларында зерттеулер жүргізеді, олардың орталығы 1946 жылы құрылған Ұлттық ғылым академиясы болып табылады.

Алматының ежелгі аты Үлкен және Кіші Алматы шатқалы және Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің атауынан шыққан. Алматы сөзінің өзі түрік сөзіндегі алма “алма ағашы, алма” деген сөзіне орай “алмаға бай” деген ұғымды білдіреді. 19 ғ. соңында жергілікті алмаларды херсон апортымен будандастырғанда, бүкіл әлемге әйгілі алматы апорты пайда болды.

Қала Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі Үлкен Алматы және Кіші Алматы өзенаралықтарына шығу конусында орналасқан. Алматы - әдеттегідей емес “биіктікте” орналасқан біздің қалалар әлеміндегі аздаған қалалардың бірі. Алматының солтүстіктегі ең биік нүктесі теңіз деңгейінен 670 метр биіктікте болса, ал оңтүстіктегі ең биік нүктесі теңіз деңгейінен - 970 метрде. Оңтүстікте аппақ қардай - Талғар (5017 м), Комсомол (4376 м), Үлкен Алматы (3684 м) тау шыңдарының тізбектері бар. 1520-1750 метр биіктікте атақты мұз айдыны Медеу шатқалы орналасқан. Жақын тауларда 300–ге жуық мұздықтар болса, ал солтүстік-батыста-дала, Каспийге дейін жартылай шөл және шөл дала. Қала жасыл желекті оның аумағының 8 мың гектарын парктер, тоғайлар, гүлзарлар, бульварлар және бау-бақшалар алып жатыр.

Тянь-Шань жоталарының солтүстік етегіндегі керемет бақ - қала биік тауға және сейсмикалық қауіптігіне қарамастан, биік үйлері бар аздаған қалалардың бірі болып саналады.

Қаланың әдеттегідей емес осылайша - тігінен орналасуы оның табиғи климаттық жағдайының алуан түрлілігімен де байланысты. Алматыда қатаң солтүстік және ыстық оңтүстік табиғи аймақтарының тоғысуы болатындай. Мұнда Сібір аққайыңы мен тяньшань шыршасы жүзім сабағымен және шабдалымен қатар өседі.

Биіктігі 1300 метрге жететін Көктөбе тауының шолу алаңында қаланың баққа бөленген сәулетті көрінісі ашылады. Таудың оңтүстік-шығыс баурайында-ерекше конструкциядағы теледидар мұнарасы орналасқан. Алдыңғы қатарда 25 қабатты “Қазақстан” қонақ үйі, қаланың басқа көрнекті үйлерінің кезегі. Алыста-қалалықтардың сүйікті демалыс орындарының бірі-Орталық мәдениет және демалыс паркі бар. Алматы қаласының дәл ортасында 28 Гвардияшылар-Панфиловшылар атындағы парк орналасқан. Парктің көркі бірде-бір шегесіз салынған XX ғасырдың басындағы сәулет ескерткіші-Әулие-Вознесенский кафедралдық соборы. Паркте 1941 жылы Мәскеуді қорғауда ерлік ұрыста барлығы

дерлік қаза тапқан генерал Панфилов дивизиясының 28 жауынгеріне естелік ретінде Даңқ Мемориалы тұрғызылды. Оның жанында Ықылас атындағы республикалық ұлт аспаптары мұражайы бар. Мұражай қазақтың ұлт аспаптарының 60-тан астам коллекциясымен бірегей. Жаңа республика алаңы-мерекелік салтанат, шеру, халық серуені өткізілетін орын. Мұнда Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы, Алматы әкімінің әкімдігі, Телеорталық үйі және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы орналасқан. Орталық мемлекеттік мұражай және А.Қастеев атындағы бейнелеу өнері мұражайы үлкен коллекцияларымен тартымды. Мұражайда Алтын және бағалы металдармен Қазақстанның зергерлік өнерінің тарихы ұсынылған. Қалада көптеген сурет галереялары бар.

Қалада: 241 күндізгі жалпы білім беретін мектеп, (ондағы оқушылар 178,4 мың), 153-мектепке дейінгі ұйымдар, 58 колледждер (64,4 мың оқушы) және 62 жоғары оқу орындары (221,1 мың студент) жұмыс істейді. Қалада мәдени-ағарту мекемелерінің кең желілері- театрлар, концерт залдары, филармония, мұражайлар, кітапханалар жұмыс істейді, олардың ішіндегі ең ірісі 1931 жылы құрылған Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, оның жинағында 5 миллионнан астам том бар. Алматылықтардың иелігінде – 5 стадион, ипподром, бірегей мұз айдыны, коньки тебу спортынан халықаралық жарыстар өткізілетін, биік таудағы “Медеу” спорт кешені бар.

2006 жылы қала бойынша жалпы өңірлік өнім 1813,1 млрд.теңгені құрады.

2006 жылы өнеркәсіп өнімдері 306,5 млрд.теңгеге өндірілді, оның ішінде: 564,1 млн.квт сағат электр энергиясы, 519,2 тонна бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкциялары, 8,9 млн шаршы метр мақта маталар, 39,9 мың тонна күнбағыс майы өндірілді.

2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция 2005 жылмен салыстырғанда 20,1 пайызға артты.

* Іле Алатауы бөкінісінің құрылған жылы көрсетілген: 1885 жылы Верный қаласы болып қайта құрылды. 1921 жылы Алма-ата қаласы болып қайта өзгертілді. 1993 жылы қаланың тарихи-Алматы транскрипциясы қалпына келтірілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі Жарлығымен Қазақстан Республикасының жаңа астанасы кейіннен астана қаласы болып қайта өзгертілген- Ақмола қаласы аталды.

Ақмолинская область

Область расположена в северной части республики, образована в 1939 году.

Территория области на 1 января 2007 равна 146,2 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2007 года составило 748,6 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 5,1 человека.

Северную часть территории области занимает срединные участки Кокшетауской возвышенности с горами Кокшетау (высокая точка гора Кокше 947 м), Жыланды (665 м), Тотыкус (480 м), Зеренды (587 м). Южную основную часть области занимает увалисто-волнистая, холмисто-бугристая равнина абсолютной высотой 300-400 м. В центральной части расположены горы Сандыктау, Домбыралы, на юго-востоке - живописные горы Ерейментау (высшая точка гора Ақдин, 899 м), на северо-востоке Силетинская равнина, в центральной части Атбасарская равнина, на юго-западе Тениз-Коргалжынская впадина.

Имеются месторождения цветных, черных и редких металлов, строительных материалов, каолина, кобальта, угля, минеральных вод и лечебных грязей.

Климат континентальный, с жарким летом, холодной зимой. Средняя температура января -16 -18°C, июля +19 +21°C. Годовое количество осадков 250-400 мм.

Наиболее крупные реки: Есиль с притоками (общая длина 2450 км, в пределах Республики Казахстан 1719 км), Нура (978 км), Силеты (407 км), Куланотпес (364 км), Оленты (273 км), Шагала (234 км).

Много пресных и соленых озер. Крупные пресные: Коргалжын (330 км²), Кожакөл (60 км²), Итемген (57,4 км²), Майбалык (21,1 км²); соленые: Тениз (1162 км²), Кыпшак (64,7 км²), Керей (63 км²), Киякты (51,6 км²), Шортанды (18,6 км²), Улькен Шабакты (26 км²), Киши Шабакты (21,4 км²), Бурабай (10,5 км²), Зеренды (10,7 км²) и др. Построены Вячеславское (площадь 60,7 км², емкость 410,9 млн. м³), Силетинское (площадь 36,3 км², емкость 221,8 млн. м³) водохранилища.

На севере области преобладают обыкновенные, южные и карбонитные черноземы с разнотравно-красноковыльной растительностью и березово-хвойными лесными массивами (Боровской, Зерендинский и другие). На базе горных сосновых лесов созданы несколько курортов, санаториев, домов отдыха, Боровское и Зерендинское охотничьи хозяйства, где наряду с промыслами занимаются расселением и акклиматизацией различных видов животных и птиц. В южной преобладающей части области развиты темнокаштановые, каштановые и светлокаштановые почвы с разнотравно-типчаково-ковыльной растительностью; по мелкосопочникам островки сосново-березовых лесов, на Ерейментауских горах березово-осиновые леса. Имеются Коргалжынский государственный заповедник, Ерейментауский государственный заказник и Атбасарский заказник.

Центр области расположен в городе Кокшетау, основанном в 1824 году. В городе на 1 января 2007 года проживали 141,9 тыс. человек или 19% всего населения области. В области 17 сельских районов и 10 небольших городов, 14 поселков, 244 сельских и аульных округов, численность городского населения составляет 356,4 тыс. человек (47,7%), сельского – 391,2 тыс. человек (52,3%).

Валовой региональный продукт за 2006 год по области по предварительным данным составил 216,4 млрд. тенге.

В 2006г. в области было произведено промышленной продукции на 98,1 млрд. тенге, в том числе: 696,4 млн. кВт. часов электроэнергии, 134,3 тыс. тонн конструкций строительных сборных из бетона, 2,4 тыс. тонн мяса всех видов.

Продукции сельского хозяйства произведено на 90,0 млрд. тенге, в том числе: 3475,9 тыс. тонн зерновых культур (в весе после доработки), 60,0 тыс. тонн овощей, 185,9 тыс. тонн картофеля, 53,1 тыс. тонн мяса (в убойном весе), 449,5 тыс. тонн молока, 230,4 млн. штук яиц.

Объем инвестиций в основной капитал в 2006г. возрос на 9,0% по сравнению с 2005г.

Актюбинская область

Область расположена в северо-западной части республики, образована в составе Республики Казахстан в 1932 году.

Территория области на 1 января 2007 года равна 300,6 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2007 года составило 695,5 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 2,3 человека.

Большая часть территории холмисто-увалистая равнина. На севере находятся южные отроги Уральских гор. В средней части простираются горы Мугалжар (657 м). Западная часть занята Подуральским плато, переходящим на юго-западе в Прикаспийскую низменность, на юго-востоке - массивы бугристых песков: Приаральский Каракум, Улькен и Киши Борсык, на северо-востоке Торгайское плато.

Имеются крупные месторождения хромитовых руд (1 место в СНГ), никелево-кобальтовых, фосфорных руд, серного колчедана и цветных металлов, калийных солей, нефти и газа, каменного угля, бокситов.

Климат континентальный, засушливый. Средняя температура января -15 -16°C , июля $+22$ $+25^{\circ}\text{C}$. Годовое количество осадков в среднем 125-350 мм.

Крупные реки: Торгай (825 км), Ойыл (800 км), Жем (712 км), Ыргыз (593 км), Ор (314 км). В области свыше 150 озер, главным образом мелких и соленых, некоторые из них пересыхая, образуют солончаки. Сооружено водохранилище Каргалинское (площадь 28,5 км², емкость 280 млн. м³) на реке Каргалы.

Северо-западная часть области - ковыльно-разнотравная и полынно-злаковая степь на темно-каштановых почвах с пятнами солонцов. Центральная и северо-восточная часть занята злаково-пустынной степью на светло-каштановых и сероземных почвах. На юге расположены полынно-солонцовые пустыни и пустыни на бурых солонцеватых почвах с массивами песков и солончаков.

Центр области расположен в городе Актобе, который находится на берегу реки Елек и основан в 1869 году. В городе на 1 января 2007 года проживали 299,7 тыс. человек или 43,1% всего населения области. Расстояние от Актобе до Астаны - 1678 км. В области 12 сельских районов, 7 небольших городов, 2 поселка, 136 сельских и аульных округов, численность городского населения составляет 386,7 тыс. человек (55,6%), сельского - 308,8 тыс. (44,4%).

Валовой региональный продукт за 2006 год по области составил 518,7 млрд. тенге.

В 2006г. в области было произведено промышленной продукции на 554,9 млрд. тенге, в том числе: 7,8 млн. тонн нефти сырой, 3,4 млрд. куб. м. газа нефтяного попутного, 1,7 млрд. кВт. часов электроэнергии, 349,4 тыс. тонн конструкций строительных сборных из бетона, 3,9 тыс. тонн мяса.

Продукции сельского хозяйства произведено на 29,4 млрд. тенге, в том числе: 129,3 тыс. тонн зерновых культур (в весе после доработки), 49,8 тыс. тонн бахчевых культур и овощей, 71,0 тыс. тонн картофеля, 45,4 тыс. тонн мяса (в убойном весе), 277,6 тыс. тонн молока, 120,1 млн. штук яиц.

Объем инвестиций в основной капитал в 2006г. снизился на 2,2% по сравнению с 2005г. Самой приоритетной для инвестирования является горнодобывающая промышленность.

Алматинская область

Область расположена на юго-востоке республики, образована в составе Республики Казахстан в 1932 году.

Территория области на 1 января 2007 года равна 223,9 тыс. кв. км.*

Население области на 1 января 2007 года составило 1620,7 тыс. человек.*

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 7,2 человека.

Территория Алматинской области представляет собой слабонаклонную равнину в сторону озера Балхаш. Значительную часть области занимают Балхаш-Алакольская и Илейская впадины с многочисленными песчаными массивами (Сарыесик-Атырау, Таукум, Мойынкум, Жаманкум и другие). На юге расположены хребты: Заилейский Алатау, Кунгей Алатау, Кетпен, на юго-востоке Жетысуский (Жонгарский) Алатау, Жонгарские ворота. На территории области разведаны месторождения полиметаллических руд, бурого и каменного углей, горючих сланцев, вольфрамовых и молибденовых руд, известняков, кварцевых песков, гипса, гончарных и огнеупорных глин.

Климат континентальный, в предгорной полосе мягче. Средняя температура января в равнинной части -15°C, в предгорьях -6 -8°C; в июле +16°C и +24 +25°C соответственно. Годовое количество осадков на равнинах до 300 мм, в предгорьях и горах от 500-700 до 1000 мм.

Протекают реки Иле (в пределах Казахстана - 815 км, общая длина - 1439 км), Лепси (417 км), Каратал (390 км), Аксу (316 км), Тентек (200 км), Ырғайты (69 км). Крупнейшие озера - Балхаш, восточная часть соленая (18200 км²), Алаколь (2650 км²), Сасыкколь (736 км²), Жаланашколь (36,6 км²). На реке Иле построено Капшагайское водохранилище (площадь 1847 км², объем воды - 28 млрд. м³), на реке Шилик - Бартогайское водохранилище (площадь 14 км², объем воды - 320 млн. м³), на реке Курты - Куртинское водохранилище (площадь - 8,3 км², объем - 120 млн. м³).

В равнинной части массивы песков, солончаков и такыров с полынно-солянковой растительностью на бурых пустынно-степных, каштановых почвах. В поймах рек и по бережьям озер растут тугайные леса с зарослями шия и тростника на лугово-солончаковых почвах. В горах ярко выражена высотная поясность.

Центр области расположен в городе Талдыкоргане, который находится на реке Каратал, основан в 1944 году. Расстояние от Талдыкоргана до Астаны - 1505 км. В городе на 1 января 2007 года проживали 134,3 тыс. человек или 8,3% всего населения области. В области 16 сельских районов, 10 небольших городов, 15 поселков, 759 сельских и аульных округов. Численность городского населения составляет 488,2 тыс. человек (30,1%), сельского – 1132,5 тыс. человек (69,9%).

Валовой региональный продукт за 2006 год по области составил 361,1 млрд. тенге.

В 2006г. в области было произведено промышленной продукции на 222,9 млрд. тенге, в том числе: 4,3 млрд. кВт. часов электроэнергии, 238,0 тыс. тонн конструкций строительных сборных из бетона, 49 тонн шерстяной пряжи, 27,9 тыс. тонн мяса, 209,2 тыс. тонн сахара.

Продукции сельского хозяйства произведено на 117,3 млрд. тенге, в том числе: 967,2 тыс. тонн зерновых культур (в весе после доработки), 524,1 тыс. тонн овощей, 546,0 тыс. тонн картофеля, 126,9 тыс. тонн мяса (в убойном весе), 636,0 тыс. тонн молока, 481,0 млн. штук яиц.

Объем инвестиций в основной капитал в 2006г. возрос на 8,5% по сравнению с 2005г.

* Без города Алматы.

Атырауская область

Область расположена на западе республики, образована в 1938 году*.

Территория области на 1 января 2007 года равна 118,6 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2007 года составило 480,7 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 4,1 человека.

Атырауская область находится в основном в пределах обширной Прикаспийской низменности.

